



**LESSON STUDY-РЕФЛЕКСИВТІ
ПЕДАГОГ БОЛУДЫҢ ТИІМДІ
ЖОЛЫ**

АЛМАТЫ 2023

ӘМІРХАНОВА КАМШАТ АБАЙҚЫЗЫ

- БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ 2023ЖЫЛҒЫ ҮЗДІК ТҮЛЕГІ;
- “БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КЕРІ БАЙЛАНЫС ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУЫН ДАМУ” АТТЫ LESSON STUDY ЖОБАСЫН ҚОРҒАДЫ;
- “LESSON STUDY” РЕФЛЕКСИВТІ ТӘЖІРИБЕДЕН ТҰРАҚТЫ КӨШБАСШЫЛЫҚҚА” І ҰЛТТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ “ҮЗДІК ПОСТЕР” ИЕГЕРІ ЖӘНЕ СПИКЕРІ;
- МАГИСТРАНТ;



LESSON STUDY ДЕГЕНМІЗ НЕ?

LESSON STUDY - МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ДАМУДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРАТЫН ЖӘНЕ РЕФЛЕКСИВТІ ПЕДАГОГ БОЛУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ОДАН ӘРІ ДАМУДА ТҮСЕТІН ҒЫЛЫМ АҚПАРАТЫНДАҒЫ ІС ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ.

ОЛ БІРНеше ЦИКЛДІ ҚАМТИДЫ ЕҢ БАСТЫСЫ «САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ» НЕМЕСЕ «САБАҚТЫ ЗЕРДЕЛЕУ» БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.



МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ:

- САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ (LESSON STUDY) ТОПТАРЫНА (LS ТОПТАРЫ - АВТОР) НЕГІЗДЕЛЕ БАСТАЙДЫ. БҰЛ ДҰРЫС ТА, ӨЙТКЕНІ МҰНДАЙ ТОПТАРДА МҰҒАЛІМДЕР ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРЫП, ӨЗ ӘЛЕУЕТТЕРІН ӨЗДІГІМЕН ДАМЫТАТЫН ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. ОСЫЛАЙША LS ТОПТАРЫН ТОҚТАУСЫЗ, ТОЛАССЫЗ, ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕЙТІН, ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТАТЫН МЕКТЕПТІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНЕ АЙНАЛА БАСТАЙДЫ.
- МҰНДАЙ ЖҰМЫС МҰҒАЛІМДЕРДІҢ САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУ ЖӘНЕ САБАҚТЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ, РЕФЛЕКСИЯЛАУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ АЛЫП КЕЛЕТІНДІГІ ДАУСЫЗ.



ҮДЕРІС БАРЫСЫ:

САБАҚҚА ДЕЙІН

- 1) LESSON STUDY ТОБЫН ҚҰРУ.
- 2) LESSON STUDY-ДІҢ МАҚСАТЫН ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРДІ АЙҚЫНДАУ.
- 3) ТАҢДАЛҒАН ПРОБЛЕМА АУҚЫМЫНДА КОУЧИНГ ӨТКІЗІП, МӘСЕЛЕНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫН АШУ, МҮМКІН ШЕШІМДЕРІН ТАҢДАУ.
- 4) САБАҚТЫ БІРЛЕСЕ ЖОСПАРЛАУ.
- 5) ОҚУШЫЛАРДАН АЛҒАН ИНТЕРВЬЮ НЕГІЗІНДЕ САБАҚ ЖОСПАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ



САБАҚ КЕЗІНДЕ


- LESSON STUDY ЗЕРТТЕУ
САБАҒЫН ӨТКІЗУ;
А) ОҚУШЫЛАРДЫ БАҚЫЛАУ;

САБАҚТАН КЕЙІН.

- 1) ОҚУШЫЛАРДАН САБАҚТАН КЕЙІН СҰХБАТ АЛУ.
- 2) САБАҚТЫ ТАЛҚЫЛАУ, САБАҚ ЖОСПАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ, САБАҚ ЖОСПАРЫНЫҢ ЖАҚСАРТЫЛҒАН НҰСҚАСЫН ДАЙЫНДАУ, ЗЕРТТЕЛЕТІН КЕЛЕСІ ЗЕРТТЕУ САБАҒЫНЫҢ ЖОСПАРЫН БІРЛЕСЕ ҚҰРУ, ӘРИНЕ, МҰНДА «ОҚУШЫ ҮНІН» ЕСКЕРІП ОТЫРДЫҚ.

БАҚЫЛАУДАҒЫ ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛҒАН НАҚТЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУДА ҚАЖЕТТІ БІЛІМДІ ҚОЛДАНА АЛАДЫ;
- КЕРІ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ӨЗ ЖҰМЫСЫНА ТОЛЫҚТЫРУ МЕН ТҮЗЕТУ ЕНГІЗЕ АЛАДЫ;
- ӨЗ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ ЖОЛДАРЫН АНЫҚТАЙ АЛАДЫ;



**Бақылаудағы оқушылардың
1-ші зерттеу сабағындағы байқалған
нәтижелері:**

А

ОҚУШЫ

*Тапсырмаларға тек
ауызша берді,
жазбаша ойын
бақылау парағына
түсіре алмады;*

В

ОҚУШЫ

*Мұғалімнің түрткі
болуынсыз өз
еркімен топтық
кері байланыс
бермеді;*

С

ОҚУШЫ

*Сабақ барысындағы
тапсырмаларға
немесе сұрақтарға
тек бір сөзбен
жауап берді*

ТАЛҚЫЛАУДАҒЫ РЕФЛЕКСИЯЛАР:

ӘРБІР ЗЕРТТЕУ САБАҒЫНАН
КЕЙІН, «ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДӘЛЕЛ
КЕЛТІРУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ
ЖЕТІЛДІРЕМІН?», «ОЛ ҮШІН
ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ЖАСАЙМЫН?», «
ҚАНДАЙ ӘДІС-ТӘСІЛДІ
ҚОЛДАНАМЫН?» - ДЕГЕН
СҰРАҚТАР АЙНАЛАСЫНДА ӨЗ
САБАҒЫМА РЕФЛЕКСИЯ ЖАСАЙ
ОТЫРЫП, ОНЫ ОРТАҒА ТАСТАП,
БАСҚА ӘРІПТЕСТЕРДІҢ
РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАҒЫ
ҰСЫНЫСТАРЫНА ҚҰЛАҚ ТҮРДІК



Бақылаудағы оқушылардың 3-ші сабақтан кейінгі өзгерістері:

А

БАҚЫЛАУДАҒЫ А ОҚУШЫ:

өзіндік бағалауы дами отырып, шынайы жауаптар мен рефлексиялар беруге дағдыланды.

В

БАҚЫЛАУДАҒЫ В ОҚУШЫ:

топтық тапсырмаларға деген ынтасы артып, қажет болса түзетулер енгізе алуға бет бұрды.

С

БАҚЫЛАУДАҒЫ С ОҚУШЫ:

тапсырмаларға зейінін шоғырландырып, толыққанды жауап парақтарын толтыруға бағыттала бастады.



ЕҢ БАСТЫСЫ:

- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ;
- ТАЛДАУ;
- МҰҒАЛІМДЕР САБАҚҚА «ТҮНДЕ, ҮЙДЕ, ЖАЛҒЫЗ» ФОРМАТЫНДА ДАЙЫНДАЛСА, ЕНДІ ОЛАР САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫН «КҮНДІЗ, МЕКТЕПТЕ ЖӘНЕ БІРЛЕСЕ» ФОРМАТЫ АУҚЫМЫНДА ДАЙЫНДАЙДЫ ЯҒНИ КӘСІБИ ЖЕЛІЛІК ҮНТІМАҚТАСТЫҚ;
- БАҚЫЛАУ ПАРАҒЫ МЕН КҮНДЕЛІКТІҢ БОЛУЫ;
- ОҚУШЫЛАРДАН АЛҒАН ИНТЕРВЬЮ НЕГІЗІНДЕ “ОҚУШЫ ҮНІН” ЕСКЕРІП, САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ;
- ОҚУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ДАРА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ҮҢІЛУГЕ МҮМКІНДІК;
- МҰҒАЛІМНІҢ ӨЗ-ӨЗІНЕ РЕФЛЕКСИЯ ЖАСАУЫ;
- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ;



МЕН ҚАЛАЙ ҚОЛДАНУДАМЫН?

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫМ:

“БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГТЕРІНІҢ LESSON
STUDY АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН
ДАМУ”

ЖОСПАРЛАНУДА:

1. LESSON STUDY-ДІ ЖЕТЕ МЕҢГЕРТУ;
2. МАҚАЛАЛАР
3. LESSON STUDY-ДІ ҮЙРЕНУШІ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНУШЫ ПЕДАГОГТАР ҮШІН
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ;





ҚОРЫТЫНДЫ:

Оқушы сабақты жақсы меңгеруі үшін және педагогтың рефлексивті болуы үшін, бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістікке жетуге болатынын түсіндім.

Lesson study оқушыға саналы білім беруді көздеген және рефлексивті педагог болудың тиімді жолын іздеген ұстаздар шеберханасы деп айтсам, артық айтпаған болар едім.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

